

¹Рысбекова А.Б. , ²Әбиденқызы А. 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: aknur_rysbekova2023@mail.ru, ainurbai-67@mail.ru

ҚАҢЛЫ ЭТНОНИМИНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ТАРИХИ МӘНІ

Аңдатпа. Қаңлы тайпасы — XII-XIII ғасырлардан бастап тарихи деректерде кездесетін және түркі халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған ірі тайпалардың бірі. Қазіргі қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, және башқұрт халықтарының құрамында кездеседі. Кейбір зерттеушілер қаңлы тайпасының тарихын б.з.д. II ғасырда Қытай жылнамаларында кездесетін Кангюй мемлекетімен байланыстырады. Шетелдік және отандық ғалымдар қаңлы тайпасының тарихын XII-XIII ғасырдан бастап қана қарастыруды жөн көреді. Б.з.б. II ғасырдағы қытай жылнамаларында Жетісудың батысы мен Арал теңізінің шығысындағы Кангюй елі туралы деректер келтірілген. Осыдан кейін қаңлылар туралы XII ғасырға дейін ешқандай деректер кездеспейді. Қаңлы тайпасының шығу тегіне қатысты төрт негізгі ғылыми болжам бар. Ең біріншісі, жоғарыда айтып өткендей қаңлылар Кангюй мемлекетінің тікелей мұрагерлері деген тұжырым. Екіншісі, 659-750 жылдары Жетісу мен Маңғыстау аймақтарын санамағанда Қазақстанның қалған аумақтарын жайлаған Қаңғар бірлестігі мен оғыздардың Қимақ пен құман-қыпшақ тайпаларының бірігуінен шыққандығы туралы болжам. Яғни қаңлылар Қаңғар бірлестігінің құрамында қалыптасқан этностық топ ретінде қарастырылады. Үшінші болжам, қаңлылардың қыпшақ тайпасының бір бөлігі екендігі, нақтылай айта кетсек шығыс тармағынан тарайтындығы туралы болжам. Төртінші болжам бойынша, қаңлыларды IV-VI ғасырлардағы Гаогюй тайпасымен байланыстырады. Аталған мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың қаңлы тайпасының шығу тегі туралы ғылыми тұжырымдары қарастырылып, этнонимнің түркі халықтарының этногенезіндегі орны айқындалады. Зерттеу нәтижелері қаңлы тайпасының тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және де аталған мәселенің түркітану ғылымында өзекті ғылыми бағыттардың бірі екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: қаңлы, тайпа, этноним, түркі халықтары, кангюй, қаңғар, қыпшақ, гаогюй.

Кіріспе

Түркі халықтарының тарихында елеулі орын алған ірі әрі ықпалды этникалық бірлестік саналған қаңлы тайпасы XII-XIII ғасырлардан бастап жазба деректерде кездеседі. Қаңлы тайпасының ұрпақтары қазіргі қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек және башқұрт халықтарының құрамында сақталған. Бұл олардың этникалық мұрасының ауқымдылығы мен тарихи мәдени ықпалының басымдылығын көрсетеді.

Ғалымдар қаңлы тайпасын б.з.д. II ғасырдағы Қытай деректеріндегі Кангюй мемлекетімен байланыстырады. Қытай деректерінен Кангюй мемлекетінің Жетісудың батысынан бастап Арал теңізінің шығысына дейінгі аймақта орналасқан мемлекет екенін білеміз. Кангюй туралы осы мәліметтерден кейін тарихи жазбаларда қаңлы этнонимі ұзақ уақыт кездеспейді. Тек XII ғасырдан бастап қана қайтадан дереккөздерде атала бастайды. Сондықтан да кейбір отандық және шетелдік ғалымдар қаңлы тайпасының нақты тарихи мәнін XII-XIII ғасырлардан бастап қарастыруды жөн санайды.

Зерттеу жұмысында қаңлылардың ерте ортағасырлық кезеңдегі шығу тегіне байланысты зерттеушілердің түрлі ғылыми болжамдары мен тұжырымдарына тоқталынып, саралау көзделген.

Қаңлы тайпасының этногенезіне байланысты негізгі төрт ғылыми болжам бар. Олар: Кангюй мемлекетімен сабақтастық, Қаңғар бірлестігімен байланыс, қыпшақ тайпаларымен туыстық және Гаогюй бірлестігімен этникалық байланыс. Аталған болжамдар дереккөздер мен тарихи-мәдени дәлелдерге сүйенгенімен, қаңлылардың шығу тегіне қатысты ортақ ғылыми көзқарас қалыптаспағандықтан бұл тақырып әлі де жан-жақты зерттеп, зерделеуді қажет етеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ежелгі этносаяси бірлестіктердің бірі саналатын қаңлы тайпасының тарихы мен мәдениеті отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан едәуір уақыттан бері ғылыми тұрғыда зерттеліп келеді. Қаңлыларды Жетісу және Сырдария өңіріндегі ежелгі Кангюй мемлекетімен байланыстыра зерттеген ғалымдар қатарында Н.А. Аристов, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, А. Қайдаров, З.В. Тоган, К.А. Ақышев және т.б. сияқты танымал тұлғалар бар. Аталған ғалымдар қаңлылардың Кангюй мемлекетімен тығыз байланыста болғанын археологиялық, тарихи-мәдени деректерге сүйене отырып, дәлелдеуге тырысты.

Қаңлылар туралы алғашқы және негізгі деректер Қытай дереккөздерінен алынған. Аталған тақырып бойынша екі негізгі дереккөзі бар. Біріншісі, Сыма Цяньның «Ши цзи» («Тарихи жазбалар») еңбегі. Бұл дереккөзінде Кангюй мемлекеті, оның географиялық орналасуы, саяси құрылымы туралы алғаш рет жазбаша түрде мәліметтер берілген. Екіншісі, Бань Гудың «Ханьшу» («Хань әулетінің тарихы») еңбегінде Кангюй елінің Қытай, Үйсін, Ғұн секілді мемлекеттермен қарым-қатынастары туралы мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, Ю.А. Зуев сияқты ғалымдар ежелгі түркі және иран жазба деректеріне сүйене отырып, қаңлылардың шығу тегі мен тарихи дамуына қатысты тұжырымдар жасаған. В. Шотт, С.А. Толстов, С.Г. Кляшторный, В.В. Бартольд, Л.Н. Гумилев, Ю.А. Зуев және т.б. қаңлыларды түркі кезеңіндегі қаңғарлармен байланыстыру бағытын қолдайтын ғалымдар қатарына жатады.

Қаңлылардың Солтүстік Қытай мен Орталық Азияда өмір сүрген Гаогюй мемлекетімен тарихи байланысын анықтау маңызды бағыттардың бірі саналады. «Юаньши» жылнамасындағы «Бухумудың өмірбаяны» бөлімінде «Қаңлы Хань патшалығы дәуіріндегі Гаогюй мемлекеті» (ЮШ, 130-цзюань) деп жазылған. Хуань Цзиньнің «Қаңлы әулетінің ата-бабаларына арналған құлпытас» еңбегінде (Хуан Цзинь, «Қаңлы») «Қаңлы —көне Гаогюй мемлекеті» деген тұжырым жасалған. Аталған деректерді Рашид ад-Дин еңбектеріндегі және «Оғызнамадағы» қаңлы туралы мәліметтермен салыстыра отырып қарастыру олардың тарихи-этникалық сабақтастығын айшықтай түседі. «Гаогюй» атауы «биік дөңгелекті арбалы ел» деген мағынаны білдіреді (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері IV, 2006: 48). Бұл атау түркі тіліндегі «қаңлы» этнонимінің қытай тіліндегі аудармасы саналады. Т. Омарбеков, А. Ташагыл, О. Йорулмаз, А.Ш. Қадырбаев, В.В. Ушницкий, т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде аталған тақырыптарға қатысты тың тұжырымдар ұсынып жүр.

Мұсылман дереккөздерінде қаңлы тайпасы туралы мәліметтер Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде кездеседі. М. Қашқари еңбегінде қаңлы тайпасы «қыпшақтардың ұлы адамдарының бірі» ретінде сипатталады. Бұл қаңлы тайпасының қыпшақтар арасында ықпалды тайпа болғанын көрсетеді. XII-XIII ғасырлардағы мұсылман авторларының еңбектерінде «қаңлы» және «қыпшақ» атаулары синоним ретінде жиі қолданылғанын көруге болады.

«Қаңлы» этнонимі әлі де толық зерттелмеген, күрделі тарихи бағыттардың бірі саналады. Осы тақырыптағы зерттеулер қаңлылардың бай мәдениеті мен саяси құрылымын жан-жақты зерттеп, зерделеуге мүмкіндік береді. Қаңлылардың Кангюйлермен байланысы, қаңғарлармен сабақтастығы немесе Гаогюйлермен тарихи байланысы аталған мәселені жаңа көзқараспен пайымдауға зор мүмкіндік береді.

Жұмыстың сипатына қарай аталған мақалада негізінен тарихи зерттеуге бағытталған жалпы ғылыми әдістер, деректанулық, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жүйелеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс көлемді деректерді жинап, талдау жасауға мүмкіндік береді. Жинақталған деректерді талдап, көне тарихи кезеңдегі оқиғаларды кешенді түрде зерттеу ортағасырлық мемлекеттер мен тайпалардың қаңлы тайпасымен этникалық байланыстарын айқындауға көмектеседі.

Талдау

Қаңлы тайпасының Кангюй мемлекетімен байланысы. Кангюй мемлекеті, оның географиялық орналасуы, халқының саны, көрші елдермен қарым-қатынасы туралы алғашқы мәліметтер б.з.д II ғасырдағы қытай деректерінде кездеседі. Кейбір ғалымдардың пікірінше, «қаңлы» этнонимі ежелгі иран тілінен аударғанда «өзен», «өзен бойын мекендегендер» деген мағынада қолданылған болуы мүмкін (Кляшторный, 1964: 150).

Кейбір зерттеушілер Кангюй мемлекетін Соғдымен байланыстырып, иран тектес халық ретінде қарастырады. Ю.А. Зуевтің пайымдауынша, Соғд атауының өзі Канцзюй және Канг атауларымен тікелей байланысты (Зуев, 2002: 91). «Солтүстік династиялар тарихында» атты қытай деректерінде Кан (Канг, Соғд) мемлекеті Кангюй ұрпақтары ретінде атап өтілген. Канцзюй халқы юэчжилерден шыққан және цзе деген атпен белгілі тайпалар тобын құрайды. Аталған тайпа антропологиялық тұрғыдан қалың сақалдары, үлкен мұрындарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, цзе тайпасы Қытайдың Ішкі Моңғолиясындағы Хинган тауларын мекендеген. Сол жерлерде Кангань өзені орналасқан. Ю.А. Зуев көне мифтерде кездесетін «канг» сөзі тохар тілінде «тастар» дегенді білдіреді деген тұжырым жасайды (Зуев, 2002: 99-100).

Қаңлы тарихын зерттеп жүрген түрік ғалымы Осман Йорулмаз «қаңлыларды «Кангюй» халқы деп қарастыру немесе олармен байланыстыру Жетісу, Мәуереннахр және Сырдария бойларында қаңлы тайпалары үздіксіз өмір сүріп келді деген тұжырымды мойындау дегенді білдіреді» (Yorulmaz, 2012: 33-34), деп пайымдайды. Алайда Омейялар, Аббасилер, Самани әулеті кезеңдері мен Қараханидтер мен Селжұқтардың алғашқы дәуірлері туралы мәлімет беретін дереккөздерде Жетісу мен Мәуереннахрдың ішкі аймақтарында Кангюй да, Қаңлы атауы да кездеспейді. «Кангюй» елі Махмұт Қашқаридің зерттеу жүргізген негізгі аймағында орналасқан. Кангюй халқы М. Қашқари кезеңінде де белсенді этнос ретінде өмір сүрсе, «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде осы атауды жер атауы немесе тайпа, ру атауы ретінде атап өтуі керек еді. Алайда, аталған еңбекте мұндай мәлімет кездеспейді.

Б.з.д. II–I ғасырларда Сырдарияның орта ағысында мемлекет ретінде тарих сахнасына шыққан Кангюй – ғұндардан кейін, әсіресе түркілер кезеңінен кейін қайта кездеспейді. Н.А. Аристов бастаған кейбір зерттеушілер аталған халықтың негізгі бөлігі селжұқтармен бірге Анадолыға, ал кейбір топтары ғұндармен, печенегтермен және қыпшақ-құман тайпаларымен бірге Еуропаға көше бастады деп есептейді. Көптеген зерттеушілер «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде қаңлы атауының тайпа ретінде кездеспеуін сол кезеңде мүлде болмауымен байланыстырады. Алайда, М. Қашқаридің өзі атап өткендей «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының аумағымен шектелген. Аталған еңбек жазылған уақытта қаңлылардың негізгі бөлігі Алтайдың шығысында, яғни бұл шеңберден тыс аймақта өмір сүріп жатқан болатын. Сонымен қатар, М. Қашқаридің еңбегінде қазақ, өзбек және қырғыздардың құрамында өмір сүрген көптеген ру-тайпалардың да атауларының кездеспейтінін айтып өткен жөн. Бұл ол ру тайпалар сол дәуірлерде болмаған дегенді білдірмейді. Себебі көптеген ру-тайпалар Қарақытайлар мен Шыңғыс хан жорықтары кезінде батысқа қарай қоныс аударған болатын (Yorulmaz, 2012: 33-34).

Зерттеушілердің пікірінше, ежелгі Кангюйлер мен Қазақстан аумағында өмір сүрген Қаңғарлар бірлестігі (659-750 жж.) арасында тарихи сабақтастық болуы мүмкін. Бұл жағынан зерттеушілер арасында ортақ көзқарас қалыптасқан. Алайда, кейбір зерттеушілер бұл

атауларды «Қаңлы» этнонимінің түрлі тарихи кезеңдердегі нұсқалары ретінде де қарастырады.

«Канг/кан» сөздері түркі тілінен емес, ежелгі иран тілінен шыққан деген болжам бар. Авестада Канга (Кангха) қаласы Тұранның аңызға айналған астанасы ретінде аталады. Уақыт өте келе бұл атау түрлі формаларда трансформацияланып отырғаны байқалады: *Кангха — Канг — Кангюй — Кангу — Тарбан — Кангар — Кенгерес* (Кляшторный, 1964: 161-179).

Зерттеушілер арасында Кангюй ұрпақтары туралы да әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Кейбір деректерге сүйенсек, Кангюй иелігінің орталығы көне түркі эпитафияларында Кангю-Тарбан қаласы деп аталады. Аталған халық түркілер арасында «кенгерес» деген атаумен белгілі болған (Советская этнография, 1951: 55-59). С.Г. Кляшторныйдың пайымдауынша, орта ғасырларда «кенгерес» немесе «қаңғар» атауларымен белгілі болған Кангюй тайпалары VIII-IX ғасырларда қимақтардың Сырдарияға келуімен және оғыздардың қысым көрсетуі салдарынан батысқа қарай көшкен.

Жоғарыда айтылғандай, бастапқыда кангюйлықтар соғдылықтармен байланысты, иран тілдес халық ретінде сипатталады. Кейіннен олардың этникалық және тілдік сипаты айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған. Ю.А. Зуевтің пікірінше, Түрік және Ұйғыр қағанаттары дәуірінде соғдылықтардың түркілену үрдісі қарқынды жүрді. Осы кезеңде соғдылықтар түркілерге сіңісіп, кейбірі жоғары әлеуметтік мәртебеге де ие болды. М. Мори атап өткендей, соғдылықтардың бірі «тегін» атағын иеленді. Ал «тегін» деген атақ қағанның ұлы немесе інісі дегенді білдіреді (Зуев, 2002: 159). С.Г. Кляшторный, Л.Н. Гумилев, Ю.А. Зуев, т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде кангюй – қаңғар – қаңлы тайпалары арасындағы тарихи және этникалық сабақтастық мәселелеріне тоқталып өткен.

Оғыздар жаулап алған печенег тайпаларынан Кангюй ұрпақтарының тарихи жалғастығы байқалады. Печенегтер құрамындағы кейбір қаңғарлық әулеттер өздерінің ежелгі «канг» этнонимін сақтап қалған. Бұл атау «канга-киши» яғни, «канга халқы» деп түсіндіріледі (Кляшторный, 1964: 173-175). Зерттеулерге сүйенсек, «қаңғар» атауы тек үш печенег тайпасының құрамында сақталған.

Қаңлылардың Қаңғар мемлекеті және қыпшақ тайпаларымен байланысы. Қаңлы тайпасының атауы және оның этникалық бірлестіктермен байланысы туралы алғашқылардың бірі болып С.П. Толстов зерттеді. Ол «қаңғар» атауының уақыт өте келе «қаңлы» формасына өзгеруін қыпшақтар мен оғыз-печенег тайпаларының ассимиляциялануы нәтижесінде орын алған үрдіс ретінде түсіндірді (Толстов: 1964: 101). С.Г. Кляшторныйдың пікірінше, қыпшақтардың «қаңғар» атауын қабылдауы олардың осы этникалық топтар мекендеген аумақтарды жаулап алуымен байланысты болған (Кляшторный, 1951: 63). Осыған сүйене отырып, қыпшақтар жаулап алған жерлердегі этнонимдерді өз этникалық құрылымына енгізіп, атауларды жалғастырушы рөл атқарған деген тұжырым жасауға болады.

Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде қаңлы тайпасын «қыпшақтардың ұлы адамдарының бірі» ретінде сипаттайды (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 1023). Бұл қаңлы тайпасының қыпшақтар арасында беделді орны болғанын көрсетеді. XII-XIII ғасырлардағы мұсылман авторларының еңбектерінде «қаңлы» мен «қыпшақ» атаулары синоним ретінде жиі қолданылған.

Бстықкөл мен Балқаш көлдері арасындағы аймақта пайда болған деп есептелетін және он оқ бірлестігіне жататын печенегтердің құрамында сегіз негізгі тайпа болған. Солардың арасында басқа ру-тайпаларға қарағанда текті саналатын ертим (немесе іртим), чор және юла тайпалары «қаңғар» деп аталған. Аталған тайпалардың ерекше мәртебеге ие болуы олардың тарихи-этникалық маңызын көрсетеді.

Қарлұқтар мен ұйғырлардың қысымынан батысқа қарай жылжыған печенегтер Балқаш көлінің оңтүстігінен Сырдария бойына жетіп, шамамен 860 жылдан кейін Оғыз-Хазар одағының құрылуы нәтижесінде Дон-Кубань алқабына және Қара теңіздің солтүстігіндегі

далаларға қоныс аударып, 1040 жылдан кейін бір бөлігі Балқан түбегіне дейін жетеді. Қаңғарлар немесе кенгерлер де осы қозғалыстарға қатысып, печенегтердің ең ержүрек тайпаларының қатарында болды. Бұл туралы Византия императоры Константин Багрянородныйдың (X ғасыр ортасы) «De administrando imperio» (Империяны басқару туралы) атты еңбегінен білеміз (Кляшторный, 2003: 211).

Ирандық кангюй тайпаларына қатысты «қаңлы» этнонимін алғаш рет қаңғарлар және Кангюй елімен байланыстырған зерттеуші В. Шотт болды. Неміс тарихшысы, шығыстанушы ғалым И. Маркварт «қаңлы» атауының Батыс түрік қағанаты құрамындағы кенгерес және печенегтердің ең беделді үш тайпасының бірі қаңғармен, кейіннен Соғды аумағына таралған Канг елімен ешқандай байланысы жоқ деген тұжырым жасады. Қаңғарлар мен қаңлыларды бір этникалық негізге біріктіру мүмкін емес деп санайды. Өйткені печенегтер (қаңғарлар) IX ғасырдың соңында Қара теңіз жаққа қоныс аударған болатын [Маркварт, 2002: 50-90]. Осылайша, И. Маркварт қаңғар және қаңлы этнонимдері арасында ешқандай тарихи-этникалық байланыстың жоқтығын дәлелдеді.

Қаңлы тайпасының Гаогюйлермен байланысы. Қаңлылар туралы нақты жазба деректердің барлығы дерлік XII ғасырдан бастау алады. Бұған дейінгі кезеңге қатысты қаңлы тарихы туралы нақты әрі бірізді деректер жоқ. Сол себептен аталған тақырып әлі күнге дейін ғалымдар арасында ортақ тұжырымға келмеген күрделі мәселелердің бірі саналады. Дегенмен, көптеген зерттеушілер қаңлыларды қыпшақтардың бір тармағына жатқызады. Қаңлылардың IV-VI ғасырларда Солтүстік Қытай және Монғолия аумағындағы Гаогюй тайпаларымен туыстас болуы мүмкін деген көзқарас кеңінен таралып келе жатқан болжамдардың бірі саналады.

Ежелгі Кангюй мемлекетінің атауы иран тілімен байланыстырылса, ерте ортағасырдағы қаңлы немесе Гаогюй сөзі «биік арбалылар» деген мағынаны білдіреді. VII ғасырдың басында Гаогюй (гаоцзюй) атауы қытай жылнамаларында теле тайпасының атауымен ауыстырылған (Бичурин, 1950: 218). Дж.Гамильтон аталған сөздің «теле» деп жазылуы қытай тіліндегі транскрипциясы екенін анықтады. Ол бастапқыда көне моңғол тіліндегі «тегрек» сөзінен шыққан, «дөңгелек», арба» деген мағыналарды білдіреді. Жоғарыда атап өткеніміздей, гаогюй атауы «биік арбалар» деп аударылады және ол тек гаоцзюй терминінің басқаша жазылу нұсқасы саналады. Дили, чиле және тиле атаулары теле-тегрек сөзінің түрлі нұсқалары болып есептеледі (Сарткожаулы, 2002: 157).

«Қаңлы» сөзі де түркі тілдерінде «арба» деген мағынаны білдіреді. В.В. Бартольдтың пікірінше, «арба» сөзінің орнына қолданылған алғашқы түркі нұсқаларының бірі саналады. Махмұд Кашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде «қаңлы» сөзінің екі мағынасы бар екенін атап өткен. Оның бірінші мағынасы «қаңғы» (қаңғы арбасы), яғни «үстіне жүк артылатын арба» дегенді білдіреді [Махмұд ал-Кашғари, 2005: 1023]. «Қаңлы» сөзі Койбал, Сагай және басқа да Енисей түркілерінің тілінде «канга» формасында айтылып, мағынасы жағынан «арба» сөзімен синонимдес болып келеді (Yorulmaz, 2012: 33-34). Олай болса, «қаңлы» арбаның түркі тіліндегі атауы, гаогюй қытайша аудармасы. Гаогюй, теле және қаңлы атаулары бір мағынаны, яғни «арба» дегенді білдіреді.

Қысқаша Гаогюйлерге тоқталып кетсек. Гаогюйлер IV-VI ғасырларда Қытайдың солтүстігінен Моңғолияға дейінгі аймақта өмір сүрген ең көне түркі тайпаларының бірі. Алғашқы деректерге қарағанда, олар Қытайдың солтүстігінде құрылған Вэй мемлекетіне (табғаштар, 386-550 жж.) дейін-ақ Лухун (Лукчун) теңізінің солтүстігінде, қазіргі Тұрфан өңіріндегі Као-чаң маңын мекендеген.

V ғасырдың алғашқы ширегінде Гаогюй тайпаларының бір бөлігі батысқа қарай Іле өңірі мен Сырдария бойына дейін жетіп, сол аймақтарға қоныстанған. Сол себепті Шығыста қалғандары «Шығыс тайпалары» деп аталған. Сол ғасырдың екінші жартысында Фу-фу-ло тайпасынан шыққан А-фу-чжих-ло есімді көсемнің басшылығымен саяси бірлік құрып,

мемлекеттік сипат ала бастағанға дейін табғаштар мен жужандар арасындағы күрестің ортасында қалып, жағдайға қарай біріне немесе екіншісіне бағынып отырған.

485-486 жылдары А-фу-чжих-ло басшылығымен құрылған мемлекет Ұлы Жібек жолы өтетін Тұрфан маңында орнап, күшейе бастаған кезде Батыс Түркістанда билік еткен эфталиттер (акғұндар) табғаштар мен жужандардан бөлек жаңа бәсекелестері болды. 540 жылдарға дейінгі кезең осы үш елдің ықпал аймағында жүргізілген күрес уақыты ретінде бағаланады (Yorulmaz, 2012: 44).

Бұл кезеңнен кейінгі Гаогюй тарихына қатысты қытай деректерінде төмендегідей мәліметтер кездеседі: Шығыс Вэй патшалығының синхэ жылнамасының 3 жылы (541 ж.) бойынша Гаогюй мемлекеті жойылған болып есептеледі. Алайда бір әулеттің биліктен кетуін сол әулет билеген елдің жойылуы дегенді білдірмейді. Гаогюй мемлекеті тарихи сахнадан кеткеннен кейін де олар туралы деректер мүлдем жойылып кеткен жоқ. Қытай деректерінен Гаогюйлер туралы маңызды мағлұматтар ала аламыз.

1. Гаогюйлер VI ғасырдың соңына дейін өз мемлекеттілігін жоғалтпаған, тек мемлекет атауы өзгерген болуы мүмкін. Оған төмендегі деректемелер дәлел бола алады:

а) «Тун-дянь», «Вэнь-сянь тун као» еңбектеріндегі «Гаогюйлер» тараушасында былай делінген: «Суй патшалығы дәуірінде (581-618 жж.) Ту-юе-ши мемлекеті болды. Ол Соңғы Вэй (Солтүстік Вэй) заманындағы Гаогюй мемлекетінің ұрпағы» деп жазылған.

ә) «Тай пин хуан юй цзи» атты еңбекте аталмыш Ту-цзюе-ши немесе Ту-юе-ши мемлекетінің қай өңірде орналасқаны туралы былайша баяндалады: «Соңғы Вэй патшалығы кезіндегі Гаогюй мемлекеті болып табылатын Ту-цзюе-ши мемлекеті Бейтиннің (Тан дәуірінен кейінгі көне қытай деректерінде қазіргі ШУАР Жемсары өңірі «Бейтин» деп аталған) солтүстігінде, Лэйчжу теңізінің шығысында орналасқан».

Лэйчжу теңізі туралы ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Біреулері оны Каспий теңізімен, ал енді біреулері Арал теңізімен байланыстырады. Қалай болғанда да, «Тай пин хуан юй цзи» еңбегіндегі осы деректемеден біздің білетініміз Ашина түріктері биліктен түскен кезеңде Гаогюйлер тарихи сахнадан әлі де болса кете қоймаған. Олар мемлекеттілігін сақтап қана қоймай, батыста Каспий немесе Арал теңізіне дейін өз ықпалын жүргізген. Мұны «Суйшу» еңбегіндегі мына сөздер қуаттай түседі: «Теләлердің арғы тегі сюньнулардың ұрпағы болып саналады. Олардың түрлері (тайпалары, ұлыстары) өте көп. Олар Сихайдан («Батыс теңізі» деген мағынаны білдіреді. Бұл жерді кейбір ғалымдар Балқашпен, кейбіреуі Аралмен, Каспиймен байланыстырады) шығысқа қарай сай-саланы бойлап созылып кете береді» (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері IV, 2026: 48). Демек, Гаогюй тайпалары мемлекеттілігін жоғалтқаннан кейін Каспий немесе Арал теңізінен бастап, Қытай жеріне дейінгі аралықта өмір сүрген.

2. Моңғол-Юань дәуірінде жазылған төмендегі қытай деректемелерінде Гаогюйлер мен қаңлылар өзара байланыстырылады:

а) «Юаньши» кітабындағы «Бухумудың өмірбаянында» бөлімінде былай делінген: «Қаңлы (қытайша «Канли») Хань патшалығы дәуіріндегі (бұл жерде Солтүстік және Оңтүстік патшалықтар дәуірі дегеннің орнына Хань патшалық дәуірі деп қате атаған) Гаогюй мемлекеті» (ЮШ, 130-цзюань); ә) Юань дәуіріндегі қытай қаламгері Хуан Цзиньнің «Қаңлы әулетінің ата-бабаларына арналған құлпытас» атты еңбегінде «Қаңлы бұл көне Гаогюй мемлекеті» деп жазылған (Хуан Цзинь, «Қаңлы»). Осы деректерді Рашид ад-Диннің еңбегіндегі және «Оғызнамадағы» қаңлы (қаңқалы) елі туралы берілген мәліметтермен салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: «Гаогюй», яғни «биік дөңгелекті арбалы ел» деген атау «қаңлы» деген түркі тіліндегі этнонимінің қытайша аудармасы саналады. Түркі (теле) тайпаларының бірі болып саналатын қаңлылар Ашина түріктері Орталық Азияда өз үстемдігін орнатқанға дейін қазіргі Жоңғария мен Қазақ даласында билік құрған. Аталмыш ел кейін әртүрлі саяси күштердің ықпалында қалып, моңғол шапқыншылығы кезеңінде ғана қайта бой көтере бастаған» (Қазақстан тарихы туралы Қытай

деректемелері IV, 2026: 48). Демек, қаңлылар Каспий теңізінен Монғолия, Қытай территориясына дейін шашыраңқы түрде өмір сүрген. Қазіргі кезде қазақтар құрамындағы қаңлылардың қара, сары, ақ, қызыл болып бөлінуі де осылай шашыраңқы өмір сүруі себебімен түсіндіріледі.

А.Т. Қайдаров «қаңлылар құрамындағы сары, қара, қызыл және ақ атаулары тек түсті ғана білдіріп қоймайды, бұл сын есімдер тікелей түстік мағынадан бөлек, белгілі бір географиялық ұғымдарды, әлемнің төрт бағытын, яғни олардың аймақтық орналасуы мен ішкі рулық бөліністерін білдіреді. Түркілік топонимикада «қара» түсі батысты, «сары» солтүстікті, «қызыл» шығысты немесе жоғарыны, «ақ» орталықты немесе оңтүстікті білдіреді (Тюркская ономастика, 1984: 41).

Хангалас пен қаңлы тайпаларының арасындағы сәйкестікті алғаш рет Г.В. Ксенофонт «Ураангхай сахалар» атты жарияланбаған екінші томында анықтаған. Г.Ф. Ксенофонт қаңлы мен Гаогюйлерді хангалас тайпаларының ата-бабалары санайды (Ушницкий, 2009: 50-51).

Айта кетерлік жайт, Гаогюй тайпалары ұйғырлар мен хунну тайпаларының ұрпақтары және Забайкалье аумағындағы түркілердің ең көне өкілдері саналады. Гаогюй атауы орта ғасырларда теле (тйеле, туле) формасына өзгерген. Бұл өзгеріс VI ғасырдың ортасында «биік арбалар» атанған Гаогюй тайпаларының шығыс түріктерінің саяси бірлестігіне қосылғаннан кейін кең тарай бастады (Бичурин, 1950: 48).

Ұйғырлар басқарған тайпалар бірлестігі көне түркі жазба ескерткіштерінде «тоғыз оғыздар» деп аталған. Ал бұл атау өзінің негізін Гаогюй-теле тайпаларынан алады. Ұйғыр тайпаларының ата-бабалары хунну кезеңіне барып тіреледі. Олар әдетте биік дөңгелектері бар арбаларда жүрген, сондықтан Юань-Вэй әулеті кезінде оларды «Гаогюй» немесе «чилэ» деп атаған. Бұдан басқа да осы тайпаларға қатысты «тэле» (тегрек) немесе «телэ» (терега, тирек) атаулары кездеседі (Бичурин, 1950: 218). Осы деректердің негізінде Гаогюй – Ұйғыр қағанаты – Қаңлы арасындағы тарихи-этникалық байланыстың бар екенін байқауға болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Юань-Ши» жылнамасында (XIV ғасыр) қаңлылардан шыққан бірнеше билеушілер мен билеуші әулеттер туралы деректер келтірілген. А.Ш. Қадырбаев «Юань ши» жылнамасында табылған мәліметтерге сүйене отырып, қаңлы мен Гаогюй тайпалары арасындағы этникалық және тарихи тұтастыққа тоқталады: «Қаңлы (Канли) бұл Хань дәуірінде (б.з.б. 206 – б.з. 220) Гаогюй деп аталған ел, яғни биік арбалар елі» (Қадырбаев, 1990: 21).

Қаңлы этнонимінің Махмұд Қашқари еңбегінде емес, Юань Ши жылнамасында кездесуі қаңлылардың Жетісу, Сырдария өңірінде емес, Қытай аумағына жақынырақ аймақтарда өмір сүргенін көрсетеді. Бұл дерек қаңлылардың этникалық тарихын Гаогюй, теле, ұйғыр тайпаларымен біртұтас қарастыру керектігін аңғартады.

Қытай тарихшысы Чи Танда осы деректі келтіреді: «Қытай дереккөздерінде Қаңлы тайпасы К'анг-ли немесе К'анг-лин деп жазылған. Синь Юань-Шидің пікірінше, қаңлы тайпасы ежелгі Гао-чэ тайпаларынан шыққан. Қытай деректеріне қарағанда, Гао-чэ «биік арба (үлкен доңғалақты арба)» дегенді білдіреді. Бүгінгі түркі тілінде «канглы» деген мағынада қолданылады. Қаңлылар Гаогюйден шыққан» [Yogulmaz, 2012: 52].

Бұдан басқа да қаңлы атауы кездесетін тарихи деректерге тоқтала кетсек. Б.Е. Көмеков IX ғасырдың екінші жартысында ұйғыр елшісінің «қара қаңлы» немесе «қара қаңлық» деген атауды қолданғанын атап өтеді және аталған тайпалардың басмыл, тоғыз оғыз және қарлұқ тайпаларымен көршілес Алтай аймағында орналасқандығына тоқталады.

Аталған дерек П. Пельо сипаттаған №1283 нөмірлі ұйғыр-тибет қолжазбасында сақталған. Аталған қолжазба қазіргі кезде Париж қаласында сақталған. Қолжазба шамамен 750 жылдары жазылған ұйғыр тіліндегі түпнұсқаның тибет тіліндегі аудармасы саналады. Мәтінде қырғыздардың бір тайпасының солтүстігіндегі үлкен ел туралы баяндалады. Қолжазбаның 57 жолында «Ga ra gang lig» (གར་གང་ལིག) атауы кездеседі (Erkos, 2024: 160).

Бұдан басқа «қара қаңлы» атауы ұйғыр жазуымен жазылған, 1981 жылы Безекликте (Қытайдағы Тұрфан аймағындағы тарихи орын) табылған мәтінде кездеседі. № 81ТВ10: 06-3а манихейлік мазмұнда жазылған қолжазбада манихей дін өкілдерінің Ұйғыр қағанатына діни мәтіндер және жібек маталар алып келгені баяндалады. Мәтіннің 7-ші жолында олардың жүріп өткен жолдарына байланысты маңызды деректер берілген. Онда манихей дін қызметкерлерінің Шығыс Түркістан мен қара қаңлы жері арқылы өткені баяндалған (Егкос, 2024: 160).

Жоғарыдағы жазбалардан кейін ұзақ уақыт бойы қаңлылар туралы деректер кездеспейді. XII ғасырда қарақытайлар кезеңінде «қаңлы» атауы қайтадан атала бастайды. Қаңлылардың XII ғасырдың бірінші жартысында Қарақытай билеушісі Елуи Дашиге (1130-1142) бағынғаны белгілі. Алайда, көп ұзамай олар Қытай империясының (1123/1125-1215) ықпалында қалады. Олар тарихи деректерде «кангли» формасында аталған. XII ғасырдың ортасында көсемдері Бо-гу Қытаймен көршілес басқа тайпалармен бірге Қытай империясына елші жіберіп, өздерін вассал ретінде қабылдауды өтінген және кезінде Елуи Даши берген мөрді қайтарып, Қытай билігінен жаңа мөр алған (Yorulmaz, 2012: 70). Бұл жайт олардың саяси бағыттары мен тәуелділік деңгейлерінің өзгергенін көрсетеді.

Қаңлы тайпасының керейіттермен тығыз байланыста болғанын дәлелдейтін деректер де кездеседі. «Юань ши» атты қытай дереккөзінде қаңлы ақсүйектерінің өкілі Қайранбайдың керейіт хандарының сарайында қызмет атқарғаны, ал қытайлық «Менуар шицзы» еңбегінде олардың туыстық байланысы нақты көрсетілген. Онда: «Керейіттер қаңлының аталары болды. Батысындағы халықтар қаңлы, шығысындағы халықтар керейіттер деп аталды» деген мәлімет келтірілген (Кадырбаев, 1990: 35-36). Бұл деректер қаңлылар мен керейіттердің этникалық және саяси тұрғыда жақын байланыста болғанын білдіреді. Аталған кезеңдегі қаңлы тайпаларына тиесілі нақты бір мемлекетті және оның билеушісін атау қиындық тудырады. Алайда тарихи деректердегі мәліметтерден қаңлылардың өздеріне тиесілі аумағы, билеуші әулеттерінің болғанын аңғаруға болады. Осындай деректердің бірі, Қайранбай атты қаңлы ақсүйегінің есімімен байланысты болып келеді. Ол Темүжінмен (Шыңғыс хан) бірге Керейіт Тұғырыл ханның билігіне кірген тұлға ретінде аталады. Алайда Шыңғыс хан Тұғырыл ханға тұтқиылдан шабуыл жасап, оны жойып жібергеніне наразы болған Қайранбай одан кек алуға бел буып, аз ғана атты жасағымен солтүстік-батысқа қарай бет алады.

Шыңғыс хан оның бұл әрекетінің себебін білу үшін адам жібергенде, Қайранбай былай деп жауап береді: «Мен Шыңғыс ханмен бірге Оң ханның (Тұғырыл ханның) қызметінде болдым. Енді ол оның қолымен жойылды. Мен одан кек алғым келді. Алайда тәңірдің әмірімен ол хан болды. Егер мен Шыңғыс ханның қызметінде қалсам, мұны көтере алмаймын. Сол себепті алыс жаққа кетіп, өмірімнің соңына дейін сонда тұруды жөн көрдім» (Yorulmaz, 2012: 72). Бұл дерек Қайранбайдың саяси ұстанымын ғана емес, қаңлылардың сол кезеңдегі тарихи үрдістерге де қатысы бар екенін көрсетеді.

Біз сөз етіп отырған төрт Қаңлы әулетінің ішінде Орос пен Қамар әулеттерінің орналасқан жері мен саяси жағдайы белгісіз. Алайда Юань Ши деректеріне сүйенсек, Құмар Хатун әулетіне жататын қаңлылар таңғұттардың билігінде немесе соларға көрші Кансу аймағында өмір сүрген болуы мүмкін. Ал Пу-ху-му әулетіне қарасты қаңлы топтары Керейіттердің ықпалында болып, Оңтүстік-Батыс Моңғолия мен Алтайға дейінгі далалық аймақтарда қоныстанған.

Дереккөздерде Құмар Хатун мен Пу-ху-му әулеттері үшін «билеуші әулет» деген атаулардың қолданылуы қаңлылардың белгілі бір саяси мәртебеге ие болғанын аңғартады. Олардың әртүрлі екі мемлекеттің билігінде болуы және бірнеше орталыққа бағынуы аталған кезеңде шашыраңқы күйде болғанын, әрі түрлі саяси күштердің ықпалында болғанын көрсетеді (Yorulmaz, 2012: 75). Бұл кезеңде қаңлы тарихына қатысты мәліметтердің

тапшылығы олардың саяси ықпалының болмауымен, яғни нақты бір саяси күшке ие бола алмағандықтарымен байланысты болуы мүмкін.

Шыңғыс ханның билігі тұсында осы аймақта өмір сүрген Қаңлы тайпалары оған бағынуға мәжбүр болды және түгелге жуығы Моңғол билігінің құрамына енді. Олар моңғол әскерінің құрамында әскери жорықтарға белсенді түрде қатысып қана қоймай, Моңғол империясының, әсіресе Қытайдағы Юань әулетінің құрамында әртүрлі жоғары лауазымды қызметтер атқарған (Yogulmaz, 2012: 76). Бұл олардың моңғол билігіне толық интеграцияланғанын және саяси құрылымда маңызды рөл иеленгендерін көрсетеді.

Дешті Қыпшақ пен Жетісу өңірлерінде өмір сүрген қаңлылардың бір бөлігі XII ғасырдың соңында Хорезмшахтар билігіне өтіп, Хорезм мемлекетінің әртүрлі аймақтарына қоныстандырылды (Ахинжанов, 1995: 216).

Зерттеу нәтижелері

Аталған тақырыпты зерттеу барысында қаңлы тайпасының этногенезіне қатысты ғылыми тұжырымдардың көпқабатты әрі күрделі сипатқа ие екенін аңғардық. Дереккөздер мен түрлі зерттеу бағыттарын салыстыра отырып талдау нәтижесінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Қытай деректеріндегі Кангюй мемлекеті туралы мәліметтер мен түркі дәуіріндегі қаңлы атауы арасындағы сәйкестіктер ғалымдар арасында кеңінен таралған тұжырымдардың бірі саналады. Алайда деректердің үзілмелі сипатына қарап аталған тұжырымды толық дәлелденген деп те айта алмаймыз.

Неміс шығыстанушы ғалымы И. Маркварттың қаңғарлардың батысқа кетуін дәлелдеген тұжырымына сүйене отырып, қаңлылардың Қаңғар (Кенгерес) бірлестігімен еш байланысы жоқтығын аңғаруға болады.

Қаңлылардың қыпшақ тайпаларымен тілдік, антропологиялық және мәдени жақындығы оларды Дешті Қыпшақ әлемінің құрамдас бір бөлігі ретінде көрсетеді. Дегенмен қыпшақтар мен қаңлылардың этникалық шекарасы әрдайым бірдей болмағаны белгілі. Сондықтан аталған болжамды нақты деп айта алмаймыз.

Қаңлылардың Гаогюй тайпасымен байланысы туралы болжам этнолингвистикалық деректерге сүйенгенімен, бұл бағытта нақты тарихи дәлелдер аз. Сол себептен аталған болжам қаңлылардың шығу тегіне қатысты қосымша нұсқа ретінде қарастырылады. Әйткенмен, қаңлыларды түркі тайпасымен байланыстыруды дұрыс деп санаймыз. Аталған болжам келешекте жақсылап зерттелуді қажет ететін тақырыптардың бірі саналады.

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелері қаңлы тайпасының этногенезін бір ғана тарихи фактімен анықтауға болмайтындығын көрсетті. Қаңлылар түрлі кезеңдерде түрлі саяси бірлестіктермен байланыста болған, көп компонентті этникалық қауымдастық. Қаңлыларға байланысты дереккөздер арасындағы үзілістер мен этнонимдердің өзгеріске ұшырап отыруы зерттеуді күрделендіре түседі.

Аталған зерттеу қаңлы тайпасының этникалық тарихының әлі де болса толық ашылмағанын, оны анықтау үшін археологиялық, лингвистикалық және жазба деректер негізінде жан-жақты кешенді талдаулардың жалғасуы керектігін көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, көптеген түркі тайпаларының, оның ішінде қаңлы тайпасының ерте ортағасырлық тарихы әлі толықтай зерттеліп, ғылыми тұрғыда нақты тұжырымдала қойған жоқ. Осы кезеңге қатысты тарихи жазба деректердің жетіспеушілігі аталған мәселенің жан-жақты зерттелуіне кедергі келтіріп отыр.

Қаңлы тайпасының бірнеше түркі халықтарының құрамында кездесуі олардың ежелгі замандарда ықпалды тайпалық бірлестік болғанын білдіреді. Дегенмен, қаңлы тайпаларының нақты бір орталыққа біріге алмауы және географиялық тұрғыда шашыраңқы орналасуы олар

туралы мәліметтердің тарихи жазба деректерде жүйесіз және үзік-үзік көрініс табуына себеп болуы мүмкін.

Түркі халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған ірі тайпалық бірлестіктердің бірі қаңлы тайпасының шығу тегіне қатысты ғылымда түрлі болжам қалыптасқан. Олар: Кангюй мемлекетімен сабақтастық, Қаңғар бірлестігімен байланыс, қыпшақтармен туыстық және Гаогюйлермен ұқсастық. Аталған болжамдардың әрқайсысы тарихи деректерге сүйенгенімен, қаңлы тайпасының нақты этникалық негізі әлі күнге дейін түбегейлі анықталмаған. Бұл мәселе түркітану ғылымы мен тарихи антропология саласында одан әрі терең зерттеулерді қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректер мен жазба мәліметтерге сүйене отырып, қаңлыларды иран тектес Кангюй мемлекетімен емес, түркітілдес Гаогюйлермен байланыстыру ғылыми тұрғыдан анағұрлым негізді деп санаймыз.

Әдебиеттер:

Ахинжанов, 1995 – *Ахинжанов С.М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. Алматы: Ғылым, 1995. 216 с.

Бичурин, 1950 – *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. // Т. I. М.-Л.: 1950. 218-219 с.

Зуев, 2002 – *Зуев Ю.А.* Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 91-157 с.

Кадырбаев, 1990 – *Кадырбаев А.Ш.* Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии XIII-XIV в. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 21-36 с.

Кляшторный, 1951 – *Кляшторный С.Г.* Кангюйская этно-топонимика в орхонских текстах // Советская этнография. №3. Редактор С.П. Толстов. Москва: Изд. Академии Наук СССР, 1951. 55-63 с.

Кляшторный, 1964 – *Кляшторный С.Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.: «Наука», 1964. 150-179 с.

Кляшторный, 2003 – *Кляшторный С. Г.* История Центральной Азии и памятники рунического письма. СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2003. 211 с. — (Азиатика).

Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV, 2006 – Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 48-49 б.

Маркварт, 2002 – *Маркварт Й.* О происхождении народа куманов. 1913. Пер. с нем. в 2002 г. А. Немировой. 50-90 с.

Махмуд ал-Кашгари, 2005 – *Махмуд ал-Кашгари.* Диван Лугат ат-Турк // Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауезовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 1023 с.

Сарткожаулы, 2002 – *Сарткожаулы К.* Объединенный каганат тюрков в 745-760 годах: (по материалам рунических надписей). Астана: Фолиант, 2002. 157 б.

Толстов, 1947 – *Толстов С.П.* Города гузов // Советская этнография. №3. 1947. 55-112 с.

Тюркская ономастика. Алма-Ата: Наука, 1984. 41 с.

Ушницкий, 2009 – *Ушницкий В.В.* Средневековые народы Центральной Азии (вопросы происхождения и этнической истории тюрко-монгольских племен). Казань: «Фэн» АН РТ, 2009. 50 с.

Yorulmaz, 2012 – *Yorulmaz O.* Geçmişten Günümüze Kanglı Türkleri. İstanbul: Ötüken, 2012. 33-72 s.

Erkoç, 2022 – *Erkoç H.İ.* Kanglı Türklerinin Kökenleri ve Ortaya Çıkışları Üzerine // XIX. Türk Tarih Kongresi. 2022. Kasım. Cilt.4, Sf.155-185.

References:

- Akhinzhanov, 1995 – *Akhinzhanov S.M.* The Kipchaks in the History of Medieval Kazakhstan. Revised edition. Almaty: Gylym, 1995. 216 p. (in Rus.).
- Bichurin, 1950 – *Bichurin N.I.* Collection of Information about the Peoples Who Inhabited Central Asia in Ancient Times. Vol. I. Moscow–Leningrad, 1950. 218-219 p. (in Rus.).
- Zuev, 2002 – *Zuev, Y.A.* Early Turks: Essays on History and Ideology. Almaty: Daik-Press, 2002. 91-157 p. (in Rus.).
- Kadyrbayev, 1990 – *Kadyrbayev A.Sh.* Turks and Iranians in China and Central Asia in the 13th–14th Centuries. Alma-Ata: Gylym, 1990. 21-36 p. (in Rus.).
- Klyashtorny, 1951 – *Klyashtorny S.G.* “Kangju Ethno-Toponymy in the Orkhon Texts.” *Soviet Ethnography*, no. 3, 1951, pp. 55–63. (in Rus.).
- Klyashtorny, 1964 – *Klyashtorny S.G.* Ancient Turkic Runic Monuments as a Source on the History of Central Asia. Moscow: Nauka, 1964. 150-179 p. (in Rus.).
- Klyashtorny, 2003 – *Klyashtorny S.G.* The History of Central Asia and Runic Script Monuments. St. Petersburg: Faculty of Philology, St. Petersburg State University, 2003. 211 p. (Asiatica). (in Rus.).
- Chinese Sources on the History of Kazakhstan, 2006 – *Chinese Sources on the History of Kazakhstan. Vol. IV. Dynastic Historical Chronicles. Part 2.* Almaty: Daik-Press, 2006. 48-49 p. (in Kaz.).
- Marquart, 2002 – *Marquart J.* On the Origin of the Cuman People. Originally published in 1913; Russian translation from German by A. Nemirova, 2002. 50-90 p. (in Rus.).
- Mahmud al-Kashgari, 2005 – *Mahmud al-Kashgari.* *Dīwān Lughāt at-Turk.* Translation, introduction, and commentary by Z.-A. M. Auezova. Indexes compiled by R. Ermers. Almaty: Daik-Press, 2005. 1023 p. (in Rus.).
- Sartkozhauly, 2002 – *Sartkozhauly K.* The United Turkic Khaganate in 745–760: Based on Runic Inscriptions. Astana: Foliant, 2002. 157 p. (in Rus.).
- Tolstov, 1951 – *Soviet Ethnography.* Moscow: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, editor S. P. Tolstov, no. 3, 1951. 55-63 p. (in Rus.).
- Tolstov, 1947 – *Tolstov S.P.* “The Cities of the Oghuz.” *Soviet Ethnography*, no. 3, 1947. 55-112 p. (in Rus.).
- Turkic Onomastics, 1984 – *Turkic Onomastics.* Alma-Ata: Nauka, 1984. 41 p. (in Rus.).
- Ushnitsky, 2009 – *Ushnitsky V. V.* Medieval Peoples of Central Asia (Issues of Origin and Ethnic History of Turkic–Mongolian Tribes). Kazan: “Fen” of the Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, 2009. 50 p. (in Rus.).
- Yorulmaz, 2012 – *Yorulmaz O.* Kanglı Turks from Past to Present. Istanbul: Ötüken, 2012. 33-72 p. (in Turk.).
- Erkoç – *Erkoç H.I.* On the Origins and Emergence of the Kanglı Turks // 19th Turkish History Congress. 2022. November. Volume 4, pp. 155–185. (in Turk.).

¹Рысбекова А.Б., ²Абиденкызы А.

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹aknur_rysbekova2023@mail.ru, ²ainurbai-67@mail.ru

**ПРОИСХОЖДЕНИЕ ЭТНОНИМА «КАНГЛЫ»
И ЕГО ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ**

Аннотация. Племя Канглы — одно из крупнейших племен, упоминаемых в исторических источниках с XII-XIII веков и сыгравшее важную роль в этногенезе тюркских

народов. Оно встречается среди современных казахов, киргизов, узбеков, каракалпаков и башкиров. Некоторые исследователи связывают историю племени Канглы с государством Кангюй, упоминаемым в китайских хрониках II века до н.э. Зарубежные и отечественные ученые предпочитают рассматривать историю племени Канглы только с XII-XIII веков. Китайские хроники II века до н.э. содержат информацию о стране Кангюй на западе Семиречья и востоке Аральского моря. После этого информация о народе Канглы отсутствует до XII века. Существует четыре основные научные гипотезы относительно происхождения племени Канглы. Первая — это гипотеза о том, что, как уже упоминалось, Канглы являются прямыми наследниками государства Кангюй. Вторая — это гипотеза о том, что они произошли от слияния кангарской общины, занимавшей остальную часть Казахстана, за исключением Семиречья и Мангистауской областей, и кимакских и куманкипчакских племен огузов в 659-750 годах. То есть Канглы считаются этнической группой, сформировавшейся внутри кангарной общины. Третья гипотеза заключается в том, что Канглы являются частью кипчакского племени, или, скорее, произошли от его восточной ветви. Согласно четвертому предположению, канглы связаны с племенем гаогюй IV-VI веков. В данной статье рассматриваются научные выводы отечественных и зарубежных ученых о происхождении племени канглы и определяется место этнонима в этногенезе тюркских народов. Результаты исследования позволяют глубже понять историю племени Канглы. Кроме того, они показывают, что данный вопрос является одним из наиболее актуальных научных направлений в тюркологии.

Ключевые слова: канглы, племя, этноним, тюркские народы, кангюй, кангар, кипчак, гаогюй.

¹Rysbekova A.B., ²Abidenkyzy A.

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

² Institute of Oriental Studies named after. R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹aknur_rysbekova2023@mail.ru, ²ainurbai-67@mail.ru

THE ORIGIN OF THE ETHNONYM «KANGLY» AND ITS HISTORICAL SIGNIFICANCE

Abstract. The Kangly tribe is one of the largest tribes mentioned in historical sources from the 12th-13th centuries and played a significant role in the ethnogenesis of the Turkic peoples. It is found among modern Kazakhs, Kyrgyz, Uzbeks, Karakalpaks, and Bashkirs. Some researchers link the history of the Kangly tribe to the Kanyu state, mentioned in Chinese chronicles of the 2nd century BC. Foreign and Russian scholars prefer to consider the history of the Kangly tribe only from the 12th-13th centuries. There are four main scholarly hypotheses regarding the origins of the Kangly tribe. The first suggests that, as already mentioned, the Kangly are direct descendants of the Kangju state. The second suggests that they descended from the merger of the Kangar Pecheneg confederation, which occupied the rest of Kazakhstan, with the exception of Semirechye and the Mangystau regions, in 659-750, and the Kimak and Kuman-Kipchak Oghuz tribes. The third point of view suggests that the Kangly are part of the Kipchak tribe, or rather, descend from its eastern branch. According to the fourth hypothesis, the Kangly are related to the Gaogyu of the 4th-6th centuries. This article examines the scientific findings of Russian and international scholars on the origins of the Kangly tribe and determines the ethnonym's place in the ethnogenesis of the Turkic peoples. The research results provide a deeper understanding of the history of the Kangly tribe. Furthermore, they demonstrate that this issue is one of the most pressing areas of research in Turkic studies.

Keywords: Kangly, tribe, ethnonym, Turkic peoples, Kangju, Kangar, Kipchak, Gaogyu.

Авторлар туралы мәлімет:

Рысбекова Ақнұр Бақытжанқызы, Түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана қ., Қазақстан

Әбиденқызы Айнұр, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері

Информация об авторах:

Рысбекова Ақнұр Бақытжановна, докторант кафедры тюркологии Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2, г. Астана, Казахстан

Абиденкызы Айнур, PhD, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Information about authors:

Rysbekova Aknur Bakytzhanovna, PhD doctorant at the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev St. 2, Astana, Kazakhstan

Abidenkyzy Ainur, PhD, leading researcher at the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov

*Келіп түсті 8 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл*